

1 200 ₸  
195 к

ҚАУЫП  
КИТАПХАНАСЫ



Нұрғали  
ОРАЗ

# Даладан қалаға келгендер





# Нұрғали ОРАЗ



Алматы  
«Қайнар»  
2006

2005 „Нұрғали Ораз“  
2006 „Қайнар“

Мұнайжының науқарлық мектебінде  
жүргізілген мемлекеттік оқынушылардың

2006

ББК 84 Каз 7-44

О 65

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет жөніне ақпарат министрлігі  
Ақпарат жөніне мұрагат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шыгарылып отыр

Ораз Н.

О 65 **Даладан қалаға келгендер:** Хикаят жөне әңгімелер. — Алматы: “Қайнар” баспасы, 2006. — 280 бет.

ISBN 9965-9748-8-8

Жазушы Нұрғали Ораз шығармаларының қөркем тілі, қызық оқигасы мен астарлы ой іірімдері оқырман қауымды бірден өзіне баурап алады. Қиын да күрделі заманда құнқоріс үшін ауылдан қалаға келген мұндық жандардың ішкі дүниесіндегі күбылыстар онын “Даладан қалаға келгендер” атты жаңа хикаятында суреткерлік шеберлікпен, өскелен проzanың бояу-нақыштарымен орнектелген. Ал ауыл тақырыбына жазылған бір топ әңгімелерінен кешегі, бүтінгі ауылдастарымыздың арман-мақсатын, тыныс-тіршілігін сезіне отырып, оларды тағы да бір жаңа қырынан танимыз.


Кітап көпшілік оқырманға арналған.

4702250201  
О 403(05)-06

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 9965-9748-8-8

© Ораз Н., 2006  
© “Қайнар” баспасы, 2006



Даладан қалаға  
келгендер



## ДАЛАДАН ҚАЛАҒА КЕЛГЕНДЕР

Сықыр-сықыр, сықыр-сықыр... Ақ пима өн салады.

Ақ пиманың иесі ашулы ақпанның аязына шыдай алмай, арлы-берлі жүгіреді. Қолында ет салған сөмкесі бар. Азанда ауылдан автобуспен келген. Содан бері базар жағалап жүріп ет сатқан. Ендігі қалғаны – өкпе-бауыр, жүрек қана. Ақ пиманың иесін ішке кіргізбейді. Өйткені ет сатылатын жердегі орындар бос емес. Әрқайсысының өз иелері бар. Олар мұны – ақ пиманың иесін көргенде итше талап жеп қоя жаздайлды. “Аулак жүр, аулак!” дейді. Әйтпесе, қолындағы сомкенді тартып алып, әкелген етіңмен қоса өзінді де кошеге лақтырып тастаймыз деп айбат шегеді. Шіркінай, сондай бір жылы-ы жерде мұның да өз орны болар ма еді. Ақ халатты киіп алып, асықпай тұrap еді-ау...

Сықыр-сықыр, сықыр-сықыр... Ақ пима өн салады.

Ақ пиманың иесі – ақ құбаша қыздың аяз қактаған өні бозарып, жәудіреген қара көздеріне үйірілген мұң қоюлана түскен. Бірақ ол мұнда жалғыз емес. Кошенің арғы бетінде де кір-қожалақ сөмкелерін котеріп, ары-бері шапқылап жүрген екі-үш әйел бар. Олар өткен-кеткен жүргіншілермен кәдімгідей-ақ саудаласады. Құс-құс қолдарымен қып-қызыл етті сығымдап алып, сөмкелерінен шығарып көрсетеді, ауыздары жыбырлап жылдам-жылдам сөйлейді. Егер алушы кісі басын шайқап ұнатпаса, олар да бетін тыржитып, жаман көздерімен атып қарайды. Бірақ осы бір сиықсыз әйелдер ғана минау тасқын судай ағылған нопірдің ішінен ақ пиманың иесін танып, бас изеп амандастып тұрады. Алғаш көргенде анау бір домаланған қап-қара әйел жүгіріп келіп: “Сен кошенің осы бетінде тұра бер, біз арғы бетінде тұра береміз. Милиса корсен, бізге белгі бер, біз де саған белгі береміз.

Құдай өзі сақтасын, олардан аяушылық күтпе!..” деп кетіп еді.

Сықыр-сықыр, сықыр... Ақ пима ән салады.

Ақ пиманың иесі – акқұба қыз бір орнында тағат тауып тұра алмай, брезек қағып ары-бері жүгіреді. Сөмкесінде қалған етті ешкім керек қыла қоймаған соң, ол да мынау сүп-сүйк дүниеге өзін керексіз жандай сезінеді. Бірақ не болса соған алданғыш анғал қөнілдегі тірмізік үміт сөт сайын алдан бір жұмбақ жақсылық күтіп, ку тіршіліктен күдерін үзгісі келмейді. Алғашқы ет алушылар келіп-кеткенде, оның қөнілін біразға дейін “білместікпен арзан сатып қойдым-ау” деген ой мазалап еді. Соның әсерінен бе, кейінгі бір сұраған келіншекке бағасын сәл қымбаттау айтып жіберді. Ол біраз ойланып тұрып, ақыры алмай кетті. Өкінішті-ақ. Өте мәдениетті, сырдай келіншек екен, саудаласқан жоқ. Егер саудаласқандағой, бағасын, әрине, түсіретін еді. Бәрібір сол айтқанынан томен бағаға беріп жіберді.

Сықыр-сықыр, сықыр-сықыр... Ақ пима ән салады.

Ашуулы ақпанның ақшұнақ аязына шыдай алмай дірдек қаққан ақ пиманың иесі арлы-берлі өтіп жатқан кіслерге ақырын ғана дауыстап:

– Өкпе-бауыр, жүрек алыңыздар! – дейді.

Олар алмайды. Қасынан үн-түнсіз оте шығады. Өкпе-бауыр, жүректің кадірін білмейді. Бұл кеше ғана сойылған малдың жылы-жұмсағы ғой.

– Кәне, өкпе-бауырыңды көрсетші? – деді кенет бір дауыс оны жалт қаратып. Құнттай болып киініп, қасы-көзін бояп алған қаланың ысқаяқ кемпірі екен.

– Мінеки, апа, – деп, ақ пиманың иесі апалақтап сөмкесін ашты. Таңертеңгілік қана жып-жылы күйінде салынған өкпе-бауыр қазір тастай боп қатып қалған. Торс-торс етеді. – Алыңыз, апа, алыңыз!

– Шырағым-ау, тегін бермейтін шығарсың. Бағасы қанша?

– Се-сексен теңге! Жарайды, жетпіс теңгеге-ақ ала қойыңыз.

Кемпір иегін созып сөмкенің ішіне үңіле қарады да, ернін жымқырып, басын шайқады.

– Жүректі алмаймын, – деді. – Берсең өкпе-бауырыңды отыз теңгеге аламын.

Күн кешкіріп барады. Бұл ең соңғы сатып алушы

болар деген ой келді оған. Бұдан ары қарай базарда қалғысы жоқ.

— Алыңыз, — деді оп-оңай келісіп. — Алыңыз, апа...

Сөйтті де, жүқалтаң сөмкесінен қатып-семіп қалған окпе-бауырды алып, кемпірдің қолындағы полиэтилен қалтаға өзі салып берді.

— Ас болсын, — деді үйреншікті өдетьмен.

— Оны көрерміз, — деді ку кемпір.

Ол аяғын қалт-құлт басып үзай бергенде көшениң арғы бетіндегі домалақ қара келіншек алқынып жүгіріп келе жатты.

— Эй, қыз, не саттың-ей?

— Окпе-бауыр қалып еді, соны...

— Қаншаға бердің, қаншаға бердің? — деді көзі жайнаған қара келіншек дегбірсізденіп.

— Отзың тенгеге.

— Үйбай-аяу, су тегінге бере салыпсың ғой!

— Енді қайтейін, ауылға... — ак пиманың иесі сөзін аяқтап үлгерген жоқ, жан-жағына жалтақтап қараған қара келіншектің козі бағжан ете қалды да:

— Ойбай, милиса келе жатыр! Аблава! Қаш-ш!.. — деп томпандағы жонелді.

Көшениң арғы бетінен бір өйелдің шыңғырған даусы естілді. Ет сатып жүрген жуан қара қатынға бір-екі милиционер тап беріп, қолын артына қайырып жатыр екен. Оны көргенде ак пиманың иесінің зәре-құты үшінп, екі аяғы озінен-өзі зымырап кеп жөнелді. Біраз жер үзай бергенде, карсы алдынан екі милиционер ишіға келді. Қорыққанынан демі бітіп қалған ол он жақ бүйірдегі кішкентай қуыс көшеге қарай жалт бұрылды. Содан өкпесі өшіп, әбден шаршап құлағанша жүгіре берді, жүгіре берді...

Артынан қуып қалмай қойған милиционер біртебірғе жақындаі түсті, ырс-ырс еткен демі желке тұсына тақап келеді. Әне, қолын созды, саусағының үші мұның пальтосының жағасына ілінді. Ой! Ак пиманың иесі де, алқынып жете берген милиционер де тайып кетіп, үшіп түсті.

— Жібер! — деп тістенді ак пиманың иесі бұлқынып. — Жі-бе-е-ер!

Үстінен баса құлаған милиционердің жағасына жармаса берген қолын қыршып тістеп алды.

— А-ах, сука! — деді ол балағаттап. — Өлтірем!

Кенет екеуінің қанталаған көздері арбасып қалды.

— Жанат! — деді милиционердің көзі шарасынан шыға жаздал.

— Манат!.. — деп құбірледі ақ пиманың иесі аң-тан болып.

— Сен бе?

— Мен...

Үттән ба өлде намыстан ба, екі беті ду етіп қызырып, ып-ыстық жас іркілді көзіне.

— Ха, кластас! — деп ыржып құлді милиционер жігіт оған қарап. — А-анау жатқан немене?

Жаңа бұлар үмар-жұмар құлаған кезде сөмкенің ішінен ұшып түскен малдың жүрегі аппак қардың үстінде күренітіп жатыр еді.

— Жүрек қой, — деді ақ пиманың иесі сыйырлап қана.

— Жүрек... — деп қайталаған милиционер жерден құлақшының алып жатып: — Сен қазір жүргегінді ал да, алды-артына қарамай қаша бер, — деді, — мен соңынан қуған болайын. Бол, тез!

Ақ пиманың иесі, оның үнінен құпия бір қамкорлықтың лебін сезгендей, орнынан апалақтап тұрып, тағы да жүгіре жонелді. Кенеттен төнген қауіптің күтпеген жерден сейілуі қоңыліне қанат бітірді ме, ол өзін жеп-женіл сезініп, алға қарай құстай ұшты. Біраз жүгірген соң қаланың Коктобеге тірелетін жағындағы қайдағы бір иір-шиыр қошелердің біріне кіріп кетіп, ертеректе салынған аласа, жатаған үйлердің ортасында іркіліп қалды.

— Үң! — деді оның артынан жүгіріп келген милиционер Манат ентіге тоқтал. — Сен... сен маған шынымен-ақ жеткізбейді екенсін.

— Ә-ә, солай ма?! — деп құлді ақ пиманың иесі бүгіндікке алғаш рет қоңылденіп. — Жан сактау деген оңай емес!

— Жүр, кеттік! — деді милиционер Манат алға түсіп.

Озі білетін жолмен мені шығарып салатын болар деген оймен ақ пиманың иесі оның айтқанына үнсіз қоңіп, ақсіреу бол жатқан қарды сықырлата басып соңынан ерді.

Олар өуелі темір қақпалағы үйлердің арасындағы тар көшемен алға қарай біраз жүрді де, Көктобенің етегіне

жете бере онға бұрылып, жалғыз аяқ жолмен жоғары орледі. Ыс басқан қаланың көк түтіні ылдидә қалып, таза ауада тыныстары ашыла бастағандай көрінді. Бұлар биікке өрлеген сайын жол жиегіндегі үйлердің шатырлары төменде, қол созымдай ғана жерде қалып барады. Табан астындағы тар соқпақтың кей тұстары тіпті тайғақ, абайсызда сырғанап кетсең, зулап барып сол үйлердің біреуінің ауласынан бір-ак шығасың.

— Біз қайда бара жатырмыз осы? — деп сұрады, бас айналар биікке жеткенде, ақ пиманың иесі алға қарай жүре беруге жүргегі дауаламай.

— Жай... мына жердегі бір үйге, — деп мінгірледі милиционер Манат алдыңғы жақты иегімен нұсқап.

— Ол кімнің үйі?! Онда не бар бізге...

— Енді былай, жылынып, жан шақырып алмаймыз ба?!

— Ә-ә... Жо-жоқ, ауылға қайтуым керек.

— Мұнда менің бір апайым тұрады. Сәл шыда, келіп те қалдық. Шай ішіп, жылынайық. Автобусқа озім шығарып саламын.

— Бармай-ақ қояйықшы, — деп қылды ақ пиманың иесі кібіртікеп. — Ұяламын...

— Бес-ақ минутқа, — деді милиционер Манат оның колынан тартып. — Қатты тоңып кеттім. Иш-шай!..

Алға қарай жүрген сайын ақ пиманың иесі аяғын корғана басып, ауыл қыздарына тән мінезбен қымсынып, бейтаныс үйдің иесінен іштей үялып келе жатты. Олар екі шетінде таяныши бар солқылдақ ағаш баспаңдақтармен жоғары көтеріліп, жасыл қақпалы шарбақтың жанына жетіп тоқтады. Биікке шыққандықі ме, екеуі де алқынып, ауыздарынан жылы бу бұрқырап, ентіге дем алады. Бұл кезде күн ұясына батуға таяп қалған. Қоктөбенің баурайындағы жатаған үйлердің арасы ықтасын сияқты көрінгенімен, кешкі аяз бәрібір бүрістіріп тұр.

Манат жасыл қақпаны жұдырығымен дүрсілдете қағып, іштен жауап күтті. Біраздан соң ақсіреу қарды сықырлата басып осылай қарай жүрген адам аяғының дыбысы естілді. Ақ бокебай орамалын иығына желбегей жамыла салып, желең шыққан орта жастар шамасынлағы әйел темір есіктің құлпын сыйдырлатып ашты да, бір ауыз үн қатпастан қайтадан жүгіре басып үйге кіріп кетті.

— Бұл кісі кім? — деді Жанаттың көзінде үрей пайды болып.

— Ә-ә, өзіміздің Зухра апай ғой! — деді қақпалаң ішке қарай еніп бара жатқан Манат көңілденіп. — Жүрсейші, неғып тұрсың?

— Қойши, ұяламын...

— Қызықсың ғой, Жанат. Кімнен үяласың? Бұл апайдың бізben ісі де болмайды...

Олар тұздалған капуста мен қияр иісі мұнкіген қапырық үйге кіріп, сыртқы киімдерін шеше бастады. Ақ пима босағада қалды. Оның иесіне мынау үйдің іші ұнаған жоқ. Бұрышта тұрған кір-қожалақ шелектегі жуындының жағымсыз ісі қолқаны қабады. Кереуеттің үстінде бейберекет шашылып жатқан ескі-құскы киімдер Зухра апайдың тазалық пен сән-салтанатқа са-марқау, салдыр-салақ екенін мензейді.

— Сен осында отыра тұр. Мен қазір апаймен бірге шай қамдап жіберейін, — деді Манат ас үйге қарай шығып бара жатып. Ақ пиманың иесі оған: “керегі жоқ, мен бәрібір мұнда коп отырмаймын, кетемін” дегісі келіп еді, бірақ оның құлақ аса қоймасын сезіп, үндемеді. Бұғін өзінің бір қатерден құдай сақтап аман қалғанын, ол үшін Манаттың алдында борыштар екенін де ойлады. Егер ол болмаса, кім білсін, қазір Жанат көзі бозарып қайда отырар еді?..

— Міне, біздің бар байлығымыз осы, — деп Манат бір табақ тұздалған қияр мен қапуста алып келді. Зухра апай ас үй жақта жүрген болуы керек, бұл бөлмеге әлі бас сүққан жоқ. Енді не істесем екен дегендегі екі алақаның ыскылап, жұпның дастарханға қарап сәл ойланып қалған Манаттың есіне тағы бір нәрсе түсіп, қайтадан шығып кетті. Жылы үйге кіргендікі болар, ак пиманың иесінің күні бойы аяз сорған беті албырап ысып, алаулап қызарып бара жатқан тәрізді. Ол орнынан тұрып, қабырғадағы шаң басқан айнаның алдына келді де, қолымен шашын түзең, үсті-басын ретке келтірген болды. Қомескі айнадағы жүдеу қыз оның әрбір қимылын қайталап: “Сен бұл үйге неге келдің?” дейтін секілді. “Білмеймін”. Бұл да, ол да аң-таң қалады.

“Ауылға қайтпайсың ба?”

“Қайтамын ғой.”

“Қашан?”

“Білмеймін...”

Ол да, бұл да иығын қозғап қояды. Жырым-жырым кір-кожалақ клеенка дастарқанның үстіне тарс етіп бір қатты заттың қойылғаны сезілді. Жанат жалт қарап еді, үстел үстінде мойны сорайған бір бөтелке қызыл шараптың пайда болғанын көрді.

— Иә, ауыл қалай? — деді Манат алақанын ыскылап.

— Бұрынғыдай...

— Кел, отыр. Баяғы мектептегі күндерді еске алаңық.

Жанат әдел сақтап ағаш орындыққа тізе бүкті. Сүр койлекінің етегін тартып, тағы да түзеткен болды. Манат қызыл шараптың қақпағын ашып, екі стаканға орталап құйды.

— Кездескеніміз үшін, кластас! — деді. Сойтті де озі қағып салды. Жанат стаканның ернеуіне ернін тигізді де қойды. Тұздалған капустаны ашқарақтанда жеген Манатқа қарап құлімсіреді.

— Жо-жоқ, болмайды, — деді кенет оның көзі Жанаттың алдындағы стаканға түсіп. — Мұндай кездесу үшін жақсылап алып қою керек.

— Мен... іште алмаймын.

— Соншама жылдан соң... — деп ол, стаканды қолына алып орынан тұрды да, Жанаттың қасына келіп иығынан үстады, — кездесіп отырғанымыз осы емес пе. Сол үшін, кәне, алғашқы тосты алып жібер!

— Жарайды, жарайды, — деді Жанат иығына артылған ауыр қолдың салмағынан тезірек құтылғысы келіп. Сосын стакандағы шарапты қалай тауысып қойғанының озі де байқамады. Ашқарынға ішкендікі ме, ішіне тұра от түскендей болды.

— Мінеки, маладес деген осы! — деді Манат көңілденіп.

Жанат мырс етіп құліп жіберді.

— Ішпеген адам “маладес” болмай ма еken сонда?

— Жоқ, — деді Манат та жадырай құліп. — Ішпеген адам маладес болмайды. Ондай кісі не арам, не сараң болады!

— Қойши тегі, мұндай созді қайдан үйреніп жүрсің?

— Біздің старший лейтенанттың сүйікті мақалы ғой.

— Сонда, немене, ішпесендер болмай ма?

— Болмайды. Ішпейтін адам жұртпен араласа алмай, шеттеп қалады.

— Қызық екен,— деді Жанат.

Шараптың әсерінен бе, көніл хоши бірте-бірте көтеріліп, жылына бастаған секілді.

— Ауылда не жаңалық? — деді Манат оған қадала қарап.

— Ой, ауылдың несін айтасың? — деді Жанат қайтадан мұнайып. — Ол жақта көнілсіз. Көшкен еллің жұртындай құлазып жатыр... Сұраған кісіге айта қоятында жаңалығымыз да жок. Өзің ауылда коптен бері болмағансың ба, немене!?

— Иә. Бір барып қайтқым-ақ келеді. Ауылды облен сағындым. Бірак жұмыстан шыға алмаймын, қолым тимейді.

— Ендеше, жүр ауылға. Ертен азанғы автобуспен қайтып келесің.

— Ой, бүгін кеш... — деді Манат. Сосын озінің андаусыз сөйлем қалғанын сезіп, тілін тістей қойды.

— Иә, шынында да кеш боп қалды, — деді Жанат терезеге қарап алаңдап. — Мен қайтайын.

— Жо-жок. Отыра түр. Қайда асығасың? Өзім шығарып саламын ғой.

— Рақмет. Мен енді түрайын, әйтпесе соңғы автобусқа үлгере алмай қалармын.

— Ой, қазір не көп, көлік көп. Өзіміздің таныс жігіттерге айтып, машинаға отырғызып жіберемін. Оған алаң болма. Кел, мынаны екеуміздің кездескеніміз үшін деп алып жіберейік.

— Жаңағана сол үшін алған жоқпыз ба?

— Жұп болсын да. Әлгі... бір ақынның өлеңі бар еді ғой; аяқ та екеу, қол да екеу, көз де екеу, құлак та екеу, жүрек қана жалғыз дейтін...

— Ой-и, Манат, сен өзің қандай шешен болып кеткенсің!

— Өмір үртеді екен ғой. Кел, алып қояйык!

Олар тағы да стакан түйістірді. Бұл тостан соң Жанаттың екі беті ортеніп бара жатқандай болды. Аздан басы айналды. Содан қысылғандай қарсы алдында отырған Манатқа жанарын мөлдіретіп бір қаралы да, өз-өзінен күліп жіберді. Ал ол алдындағы ацы капустаны асап жатып:

— Қарным ашып қалыпты-ей, — деді.

- Сен менен қысылма...
- Неге қысылам, кластас емеспіз бе?
- Мен, мүмкін, сөмкемде қалған еттен тездетіп бірдене қамдап жіберермін... а?

Аңзы капустаның үстіне етбеттей тұсуге шақ қалып отырған Манат басын көтеріп, оған ырза болған кейіпте ыржып күлді. Жанат орнынан лып етіп тұрып, есік алдына қалдырып кеткен ақ дорбасын алып келді.

— Тек жүрек қана қалыпты, — деп құлді. — Өкпе-бауырды бағана тым арзанға бере салып ем. Міне, енді, сен айтқандай, жалғыз — жүрек...

— Aha! — деді әлі де аузы ашы капустадан босамай қаужаңдап отырған Манат басын изеп.

— Қазір тез қайнатып жіберейін! Тек сен... Зухра апайға бір ауыз айтсан...

— Aha, қазір, — деп Манат аузындағы капустасын малжаңдаған күйі шығып кетті.

Ас қамдап үйренген ауыл қыздарына тән әдетпен Жанат бәрін де жылдам істеді. Салқын дәлізде тұрған газ пешті тұтатып, қазанды отқа қойды да, қоңырысық иісі қолқаны қапқан жылы бөлмеге қайтып келді. Үстелдің үстін жинастырған болды. Нан турады. Манат орнынан тұрып:

— Мен сыртқа шығып, темекі тартып келейін, — деді.

Жанат үнсіз басын изеді. Ол шығып кеткен соң, терезенің алдына келіп, далаға көз салды. Қыстың қыска күні кірпігін айқастырып, аппақ қар жамылған айнала-тоніректі қаранғылық түмшалапты. Сырттағы дүние де тап қазір мынау қапырық, күтімсіз бөлме сияқты кір-кожалақ, лас секілді көрінеді. Сақылдаған сары аяз терезеге өрнек салып тастапты. Тізеден қарға баткан жатаған үйлерге төне қарап тұрған Көктөбедегі телемұнараның қызыл-жасыл, сарғыш шамдары жаныпты. Осы биік мұнараның үстінде керемет ресторан бар деп естіген. Қазір онда кімдер отыр екен?..

Жанаттың коз алдына жарқыраған әдемі залда жеңіл, ойнақы музыка тындалап, әзіл-қалжыны жараса күліп отырған конілді топ; әдемі киінген сұлу келіншектер мен сымбатты, бай кісілер елестеді. “Шіркін, соларда да арман бар ма екен?” деген ой қеудесін шарып өтті.

Биік те тәқаппар мұнара төмендегі жатаған үйлердін

тіршілігін көзіне де ілгісі келмей, түнгі оттары жымың-даған анау сұлу қалаға қарап телміреді. Ол біраздан соң мынау қапырық болмен сыртқа шығып, манағы келген жалғыз аяқ соқпақпен аяғын тайғанақтай ба-сып, бүрсен қағып кері қайтатынын ойлады. Соңғы ав-тобусқа үлгере алса жақсы, үлгере алмаса, Манат, озі айтқандай, таныс жігіттеріне айтып, мәшинеге салып жібереді ғой. Содан кейін қырық минут, әрі кетсе бір сағаттан соң үйдің жанынан түсіп қалады. Бір шеті құлап қалған ағаш қақпадан ішке еніп, сыртқы есікті қағады... Үйден апасы шығады. “Байғұс-ая, не болды саған... Екі көзіміз торт боп сені күтіп отырмыз ғой. Осы уақытқа дейін қайда жүрсін? Аптауыздың аллынан әлденеше рет шықтым. Сен кешіккен сайын бірдемеге үрініп қалды ма деп, зәреміз үшты ғой...” – дейді...

– Уф, ищ-шай, – деп сырттан Манат кірді. – Күн қақап түр ғой тегі. Тоңып кеттім.

– Мен қазір жүректі алып келейін, – Жанат дөлізге шықты. Газ пештің әлсіз жылуын бүйым құрлы корме-ген сары аяз қуықтай дәліздің ішін азынатып, терезе әйнектерін сындырып жіберердей шытынап тұр.

Ол буы бүркүрап піскен жүректі Манаптың аллына әкеліп қойды да:

– Ал, – деді оған қарама-қарсы отырып жатын. Жанаттың үнінен аналық қамқорлықтың лебі есті. Бұл, сірә, әрбір әйел затының бойында бұғып жататын та-биги сезім болса керек.

– Өзің ше, – деді жас еттің иісі тәбетін анын, сүйк сорған жүзіне қан жүгірген Манат оған елжірей қарап.

“Еркектердің махаббаты асқазанында болады” деген рас-ая деген ой келді Жанатқа.

– Сен маған қарама, – деді ол. – Тез-тез жен то-ып ал. Содан соң мені шығарып саласың, ия ма?

– Иә, – деді Манат ұмыта бастаған міндепті қайта есіне түскендей. – Кел, кластас, алып қояйық.

– Не үшін?

– Сен айтшы.

– Откен күндер үшін деп алайық, – деді Жанат стакандағы қызыл шараптың ішінен артта қалған, ұмытыла бастаған жылдардың елесін коріп отырғандаі үңіле қарап, ойланып қалып. – Балалық шак, мектепте оқыған күндер жақсы екен ғой, ио?..

Манат басын изеді.

— Бірақ ол кезде біз ертерек есеюді армандастынбыз. Өз еркіміз өзімізге ертерек тиіп, өз қалауымызыша өмір сүрсек деуші ек. Сойтсек... — Жанат стақандағы қызыл шараптан көзін айырмаған күйі мұңайып, астыңғы ернін тістеді. Іштей толқытқан бір ой көмейіне келіп кептеліп, сыртқа шықсам ба өлде ешкімді мазаламай-ақ іште жата берсем бе екен дегендей, іркіліп қалған секілді. Кенет ол басын қотеріп, жүзін тіктеп:

— Манат, кедей болған қандай жаман, — деді.

Сойтті де, ішін күйдіріп бара жатқан өртті сөндіргісі келгендей, қан түстес қып-қызыл шарапты түбіне дейін бір-ақ сарқып ішіп салды.

Оған енді судай аққан уақыт та, қалт-құлт етіп қайықтай жүзген тіршілік те тоқтап қалғандай көрінді. Ауылға қарай алып-ұшып, асырып отырғанын да ұмытты. Қиналып, арып-ашып ұзақ жол жүріп келіп, ұлы теңіздің жағасына жеткенде амалсыз іркілген жолаушының күйін кешті. Асықтың не, асықпадың не — бәрібір. Дәм жазып, ұлы теңіздегі Тағдыр кемесіне тап келсөн ғана арғы бетке отіп, арманыңа жетесің. Әйтпесе, өз қолыннан келер қайран жоқ...

Ет салған сомкесін котеріп ертелі-кеш сол кеменің жолын тосқан қаршадай қыздың үміті ақталып, Тағдыр кемесінен бір орын табыла ма? Ол да беймәлім... Екі көзі тас қаранғы соқыр боп, үйден өздігінен шыға алмай отырып қалған әжесі айтушы еді: “Үмітінді үзбе, балам. Үмітсіз — шайтан деген...” Сонда бұл... үміті үзілген күні шайтанға айналып кететін болғаны да...

Түү, мынау бір ашы түтін қайдан келді. Иісінің жаманын-ай, кәпірдің! Ол алақанымен түтінді қақпайлап, мұрнын тыржитты.

— Ой, кешір, — деді темекі тартып отырған Манат та бір қолымен түтінді қуған болып. — Мен қазір...

Ол орнынан тұрып, темекісін сыртқа тастап келмек боп шығып кетті. Аласа болменің ауасы қапырық тартып, тынысы тарыла бастады. Ол терезенің алдына барып, тағы да сыртқа коз салды.

Ақ пен қара арбасқан дүние... Аяз қатайып келеді. Ақ корпесін бүркеніп, тоңып жатқан жер-ананың үстінен қап-қара боп түтіккен аспан-әкей төне түсіп, түсініксіз бірденелерді айтып, түсіндірмек болады...

Көктөбенің үстіндегі телемұнара айналасындағы аласа үйлерді көзге ілмеген күйі төмендегі қалаға қарап телміреді. “Шіркін-ай, осы мұнараның биік қабатындағы ресторанда отырған қыздар мен жігіттер қандай бақытты еді. Соншама байлық пен бақыт оларға қайдан келеді еken десенші?..”

Ол қырау басқан кішкентай терезені жылы демімен үрлеп, алақандай тесік жасап алды да, тәкаппар мұнара жаққа тесіліп ұзак қарады. Қаранғы түнде күліп тұрган мұнараның қызыл-жасыл әдемі шамдары он сегізге биыл ғана толған бойжеткеннің өсершіл қоңыліне тым жақыннаң, тіпті қол созымдай жерден қол бұлғап тұрган асыл армандаі болып көрінді. Ол терезеге жабыса түсіп, бір жұтынып қалды. Көзінің алды бұлдырап, ып-ыстық жас іркілді.

Кенет...

Оғажап!

Өң бе, түс пе, қиял ма, шындық па – белгісіз, мұнараның қызылды-жасылды шамдарынан үшқан бір жарық сөule оның жанарына іркілген қос тамшы жас-пен шағылышты да, ақ пен қара арбасқан сұп-суық дүние алтын сағымға оранып, толқи жөнелді. Ол козін жұма қойды. Бірақ сонда да алтын сағым тарқаған жок. Құйындай үйірліп келіп, терезенің алдында тұрган бойжеткенді биікке көтеріп үша жөнелген секілденді.

...Ол көзін ашқанда жап-жарық, әдемі залдың ішінде тұр еді. Жас шамасы алпыстан асқан жылы жүзді швейцар шал күлімсіреп келіп, мұның иығындағы жеп-жеңіл, аса бағалы аң терісінен тігілген шубаны шешіп алды да, ақ шалған басын ие құрмет көрсетті. Жанаттың үстінде өте қымбат матадан тігілген алқызыл жұка койлек бар екен. Саусактарында брилиант жұзіктер жарқырайды. Құлағындағы сырғалары да брилиант. (“Мұның бәрін қашан тағып үлгерген-мін?” деген ой қылаң беріп отеді санасында. Әйтсе де сыр білдіргісі жок). Содан соң ол аяғын сөнмен басып, үлкен залға қарай жүрді. Алматының барша зиялыштары осында жиналған сияқты. Шаштарын әр түрлі сөнді үлгімен қидырған сұлу да сымбатты қыз-келіншектер мен жұздеріне құлқі үйірліген сері де сылқым жігіттер топ-топ болып әнгіме-дүкен құрып, бір-біріне әзіл-қалжың айтып, құліп тұр. Жоғарыдағы

хрусталь люстралардан төгілген алтын сөule әсем залдың ішін таңғажайып нұрға бөлеп, өзгеше бір жылы шуақ шашады.

Жанаттың үлкен залға кіргенін көріп, орта бойлы, сымбатты жігіт бері қарай жүрді. Шашы мойылдай қап-қара. Өні аққұба. Қыр мұрынды, ат жақты келген, коркем жігіт. Үстіне киген көгілдір костюмі, кіршіксіз ашпақ көйлегі мен қызығыш галстуғы сымбатты тұлғасына керемет жарасады екен. (Ер-азаматтың осындай корікті болғаны қандай жақсы...)

— Иә, қалайсың? — деп ол Жанаттың қолынан ұстап, саусақтарын ақырын ғана қысып қойды. — Біраз күттірдің ғой. Біздің столымыз ана жақта. Әдейі оркестрден алыстау орынды тандадым.

Олар иллюминаторға үқсайтын дөңгелек терезенің түсіндағы столға келіп отырды. Қалындықтың орамалындағы жұп-жұқа торғын переделер екі жаққа ысырылып ашылған екен. Бары-жоғы белгісіз мөп-мөлдір әйнектің ар жағынан асқақ Алатаудың ақ бас шындары сыйғалайды.

— Мен ауылдан келдім, — деді Жанат өзінің көп күттіріп қойғанына кешірім өтінгендей болып.

— Біздің бәріміз де бір кезде ауылдан келгенбіз, — деп жымиды ол.

Бұл өзілдің астарын түсіне қойған Жанат басын шалқайтып, сынғырлай құлдді. (“Мұндай әдетім жоқ еді ғой” деген ой жүзіп өтті санасында.)

Соншама мол тамақтың ішінде жүрсе де, шыр бітпеген ап-арық даяши жігіт келіп заказ қабылдады. Қалың терімен қапталған ас мәзірін қолына алған Жанат тез-тез парактап шығып:

— Француз салаты, ағылшын виносы, италян котлеті, швейцарияның дессерті, — деп ерке баладай үрттын томпайтып, сәл ойланып отырды да: — Ал ойтпесе, бүкіл Еуропаның басын бір дастарқанға әкеліп түйістірдім! — деп күліп жіберді.

— Жарайсың! — деді жігіт жымып. Екі алақанын бір-біріне ақырын ғана соғып, “ду қол шапалактаудың” рәсімін жасады. Даяши да қыздың тапқырлығына риза болғандай жымың қақты. Содан соң ол әпсөтте столға қызыл шарап әкеліп қойды.

“О-о! Мынау шараптың дәмі қандай керемет еді. Жүзімнің шырыны шынында да осындай болуы керек

қой. Мұндай шараптың дәмін “Мың бір тұндеңі” ханзадалар мен ханшалар ғана татқан болар, сірә”.

Ол әдемі хрусталь бокалға құйылған қызыл шарапқа қызыға қарап, қолын соза берген...

— Ішпе!..

Жанат селк ете түсіп, қолын тартып алды. Қарсы алдында отырған әдемі жігіттің желке тұсында қаздып тұрған қызыл көйлекті әйелді көрді. Мұны екі көзімен атып жіберердей тесірейіп, қан-сөлсіз жүзі сазара қалған екен. Бұл... бұл әйелге не керек? Неге сонша өшпенделікпен қарайды бұған? Ойпыр-ай, мынау...

Жанаттың жүргі дір ете қалды. Таныды. Иә, таныды. Ол мынау жестырнақ секілді сүп-суық әйелді біледі. Біледі... Жанат шыңғырып жібере жаздал, екі қолымен аузын баса қойды.

Бұл... бұл осыдан екі жыл бұрын жоғалып кеткен Нәзира ғой! Мұнда қайdan жүр? Ауылдағылар оны өлдеқашан олдіге жорып, жаназасын шығарып та қойған жоқ па еді...

— Ішпе! — деді ол Жанаттың қолындағы бокалды жұлып алды. — Бұл менің шарабым!..

Ах, Нәзира... Ол орнынан ұшып тұрып, әруақ-қыздың елесі кезіп жүрген мынау ресторанның қаша жөнелмек болды.

— Жанат, — деді кенет осының бәрін ұнсіз бақылап отырған жігіт орнынан жайлап түрегеліп. — Тоқта. Кетпеші, өтінем. Нәзира өлген жоқ... Ол тірі.

Жанат іркіліп қалды.

— Алдыңғы жылы оны біреулер өлтіріп, суға батырып жіберіпті дегендері қайда? — деді күбірлеп.

— Қазір адамдар не болса соны айта береді. Және бәрін де керісінше айтады. Барлық нәрсені керісінше істейді.

— Неге?

— Білмеймін. Мүмкін, керзаман деген осы шығар. Сен Нәзираға өкпелеме, жарай ма. Мен басқа шарап алдырайын.

— Жо-жоқ. Қажет емес. Сіз оны көптен бері танисыз ба?

— Иә. Мұндағылардың бәрі де Нәзираны жақсы біледі, — деп жігіт сөл ойланып қалды да: — Былайша айтқанда... оны білмеу, танымау мүмкін емес, — деді.

— Ауылдағылар, — деді Жанат мұнайып, — Нәзираны біреулер өлтіріп, терең суға батырып жіберген десіп жүр. Тірі екенін білдіріп неге хабар бермейді...

Жігіт ойға шомып отырған қалпы иығын қозғады. Содан соң:

— Мұндағылардың бәрі де ауылды әлдеқашан ұмытып кеткендер, — деді.

— Неге? Не үшін ұмытады...

— Анау томендеңі үйлерге қараши.

— Қарадым... Ой-й, қандай кіп-кішкентай!

Жанат сона-ау төмендеңі ойынышықтай кіп-кішкентай үйлерді көрді. Омбы қар басқан көшелер мен шарбақ коршаулар адамдардың мекені емес, құмырсқалардың жымы сияқты біртүрлі күлкілі. Биікті отырған біреу байқамай саусағымен түртіп жіберсе, бәрі де кирап қалатын тәрізді. Бағана Манат екеуі... анау жіпжінішке қара жіп секілді шұбатылған соқпақпен келмен пе еді...

— Бұл жер тым биік, — деді жігіт иллюминаторға үқсайтын терезеден көзін алып, Жанатқа ойланған қарап. — Бір шығып алған соң, төмендеңі тіршілікке қайтып оралуға зауқын соқпайды.

— Иә, анау кішкентай үйлердің арасына менің де қайтып барғым келмейді, — деді Жанат.

“Солай. Қайтып барғым келмейді... Ал-л, сонда не істеуім керек? — деген ой қылаң берді санасында. — Нәзира секілді осында мәнглікке қалмақпын ба қамаудып...”

— Не деп күбірлеп тұрсын?

— Білмеймін.

— Жанат...

— Әу.

— Жанат...

Ол құшақтап сүйе бастады. Бұл да оған жабыса түсті. ...Біртүрлі сүйкімсіз... Темекінің иісі тұншықтырып барады. Неге сонша дорекі қымылдайды? Ол... Ол кім өзі? Мы-мынау Манат қой!..

— Тарт қолынды...

Сумаңдан белінен төмен қарай жылжып бара жаткан әделсіз қолды қағып жіберіп, Манаттың құшағынан сытылып шыққан ол екі қолымен бетін басып, қабырғаға сүйеніп тұрып қалды.

Япыр-ай, ғайып болды... Бәрі де ғайып болды.

Бұл не? Бұл не... елес пе, сиқыр ма, қиял ма,  
шындық па? Не-ме-не?..

Ол теңселіп барып орындыққа сылқ етіп отыра кетті.

- Жанат...
  - ...
  - Жанат деймін...
  - ...
  - Жа-нат... мен сені сүйем... Мектепте оқып жүргендеге-ақ жақсы көргенмін.
  - Отірік.
  - Жоқ, шын айтам. Шыным...
  - Сенбеймін.
  - Міне, жаным, міне, иманым! Жанаттай... жаным...  
сүйемін сені.
  - Онда неге іздемедің?
  - Ойладым... ойладым... сен көнбей қоятын шығарсың деп.
  - А-а...
  - Сен... сен күттің бе мені?
- Жанат жауап қатпай, біраз ойланып тұрды да:
- Мен үнемі біреуді күтумен болдым, – деді өзіне  
өзі айтқандай сыбырлай сөйлеп. – Ол – сен бе өлде  
басқа ма, білмеймін...

\* \* \*

Көктөбенің жонына жабысып, омбы қардан әрең-әрең қөрініп тұрған аласа үйлер қatal ақпанның қызылшұнақ аязында тоңып, бүрісіп жатқан тәрізді. Тап қазір олардың көшілігінен тіршілік белгісі білінбейді. Демінен ажал иісі сезілген мейірімсіз аяз олардың бойындағы омір нәрін мұз қып қатырып, жансыз сұлбаға айналдырып тастаған тәрізді.

Тек әнебір шатыры қарайып көрінген кішкентай үйдің қос терезесінен ғана таң сыз беріп атқанша жарық сөнбеді. Қиуы қашқан ағаш едендей сықыр-сықыр еткен қасат қарды еппен басып, бұқпантайладап барып, терезенің түбінен тың тыңдалап көрер жансыз болса, дәл қазір сол үйдің ішінде, темір кереуетте қатар отырған қыз берін жігіттің күбір-күбір үндерін естір еді.

Жігіт: Жаным, Жанатым, мен сені жақсы көрем...

Қыз: Сенбеймін, сенбеймін.

Жігіт: Шыным сол... Алғаш қашан, қалай басталғанын айтайын ба?

Қыз: Ненің?

Жігіт: Саған деген махаббатымның...

Қыз: Иә, айтшы.

Жігіт: Есінде ме, сегізінші класты бітірген жылы жазда бүкіл класс болып Тұйықсудың жағасына бардық қой. Көк шөптің үстінде асыр салып, әр түрлі ойындар ойнадық. Күн қызған кезде өзенге шомылмақшы болдық. Тұйықсудың бір жері саяз, бір жері терең, ағысы да бірде қатты, бірде баяу ғой. Жыл сайын бір-екі адамды жұтпай тынбайтын жынды міnezі бар. Сол жылы, есінде ме, Батпа екеуің суға кетіп қала жаздағындар...

Қыз: Есімде. Қатты ағысқа түсіп кеттік қой. Ой, сондағы қорыққанымыз-ай!.. Өні-міне дегенше не болғанын білмейміз, әлгінде ғана су кешіп келе жатқан бізді біреу жұлып әкетіп, белгісіз бір құрдымға қарай зымырап алып қашып бара жатқан секілді...

Жігіт: Біз сендердің суға бір батып, бір шығып томен қарай ағып бара жатқандарынды көрдік те, үшторт бала суға қатар секірдік. Ағыспен құлаштап жүзсен, құстай үшқандай боласың тура, әп-сөтте сендерді қуып жеттік. Менің қолым саған бірінші ілікті, мой-нымнан тас қып құшақтай алдын...

Қыз: Үят-ай...

Жігіт: Ағысы қатты болғанымен, Тұйықсудың арғы бетіндегі қызыл жыңғылдар қол созымдай ғана жерде елі. Солардың бірінің суға иіліп түрған бұтағынан шап беріп үстадым. Сен мені қатты құшақтап, бүкіл дененмен денеме жабысып...

Қыз: Болды. Ары қарай айтпа...

Жігіт: Иә, сол кезде басқа балалар да жүзіп жетіп, сені жағаға бірге алып шықтық. Мен жаңағы бір тамаша сәттің ұзағырақ созыла түспегеніне өкіндім. Содан бастап сені озім іштей иемденіп, басқалардан қызғанып жүретін болдым. Қазір де сүйем сені, Жанат...

Қыз: Рас па?

Жігіт: Рас...

Ол ып-ыстық демімен тұншықтырып, қыздың ерінінен қадалып ұзак сүйді. Қыз бұл жолы түк те карсылық білдірген жоқ...

\* \* \*

Таң алдында аспан көгілжім тартып, жұлдыздар си-  
рәй бастағанда аяз тіпті қатая түсті. Бүрісіп, жауран  
Кектөбенің баурайына тығылған үйлерді қора-қоңсызы-  
мен, ие-киесімен, тіпті күшік-мысығымен қоса мұз  
қып қатырып тастағысы келгендей, ағаш біткенлі сы-  
қырлатып, темір біткенді шытынатып барады. Тек  
анау, тәқаппар биік мұнараның алдына жеткенде ғана  
бір түрлі төменшіктеп, жігері жасып, мысы басылып  
қалады. Оның жарқыраған қызылды-жасылды шамдары –  
жылы ішкке оранып, жаңа ғана қазы-қарта мен майлы  
сорпаға тойып шыққан байдын үшқын аткан  
көздеріндегі төнірекке тоқмейілсіп, масаттана қарайды.

\* \* \*

Сықыр-сықыр – ақ пима ән салады.

Ақ пима киген ақ құба қыз көк базарды жағалап  
жүгіріп жүріп ет сатады.

Өмірде ешқандай өзгеріс болмаған секілді. Бірақ ақ  
пималы қыз откен жолғыдай емес, аяғын ширақ баса-  
ды. Даусы да санқылдап анық шығады. Құлкісі де  
күміс қоңыраудай сыңғырлайды. Конілді. Ойлан кара-  
сан, бәрі де осы көніл күйге байланысты сиякты.  
Алса – сатады, алмаса – өкпелемейді. Біреуі болмаса,  
біреуі тағы келеді. Бірімен бірі кезектесіп жатқан дүние  
емес пе.

Ол бұрынғыдай милициядан қорқып, басы ауған  
жаққа қарай жанұшырып қашпайды. Қызыл қалиң-  
тылардың төбесі қылт ете қалса, қолындағы сомжек-  
сінің аузын орамалмен жауып, бір бұрышта монтип  
тұра қалады. Қошениң арғы бетіндегі қатындар да енді  
бұған біртүрлі қызғаныш білдіріп, алыстан аңлын  
қарайтын болған. Алғашында олардың бұл қылышы ар-  
қасына аяздай батып еді, кейін, бірте-бірте оған да  
үйреніп кетті.

Кешкілік Манат екеуі Зухра апайдың үйіне барады.  
Сөмкенің түбінде қалған еттен қуырдақ қуырады. Кою  
күрең шай демдейді. Аздап... иә, аздап қана қызыл  
шарап іshedі. Содан соң екеуі темір кереуеттің үстінде  
бастарын түйістіріп отырып әңгіме-дүкен құрады.  
Құшақтасады, сүйіседі...

Зухра апайдың бұларға берген болmessі қазір бұрын-  
ғыдай емес, біраз жөнге келіп, тазарып, көрпе-тосегі

жиналып қалған. Шаң-тозаңын қағып-сілкіп, жуып-сүртіп жүрген, әрине, Жанат қой. Алғашқыда сондай кір-қожалақ, лас көрінген аласа бөлме қазір бұлардың жеке отау үйі сияқты.

Отау үй демекші, Манат екеуі ерлі-зайыптылардай тіршілік кешіп жатқанына біраз уақыт өтсе де, Жанаттың көнілін күпті қыла беретін бір жайт бар. Ол – осының бөрінің ойда жокта, күтпеген жерден басталып, күннен-күнгө түпсіз, тұнғырық иіріміне еріксіз тартып бара жатуы еді.

Манаттың ойында ештеңе жок тәрізді, қомпаңданап қыырдағын жейді, терлеп-тепшіп шайын іshedі, содан соң қызыл шараптың қызыуымен Жанатты төсекке карай икемдей бастайды. “Қоя тұршы, Манат...” “Не?” “Ештеңе. Сәл шыдашы дейім”. “Сағындым сені...” “Мен де.” “Рас па?” “Рас.” “Келші...” “Тоқташи. Мен сені... сені сағындым. Міне осылай, саған қарап отыра тұрайыншы...” Содан екеуі бір ауық күбір-күбір сейлесіп отырады. Манат тағы да шыдамсызданып қолын жүгірте бастайды. Сықырлауық темір кереует көніліне жақпай тұрса да, Жанат амалсыз жастыққа бас кояды...

Кеше, алдыңғұні бұлар кездесе алған жоқ. Жанат үш күн бойы ет сатып жинаған ақшасын әке-шешесіне апарып беріп, ауылдан тағы да бір тоқтының етін алып келді.

— Қызым, қалада тұнеп қалатын күнің көбейді ғой, — деді шешесі Жанат жолға жиналып жатқан кезде бір күдіктің үшін шығарып.

— Жолдас қызымының пәтеріне қонып жүрмін. Күн сайын ауылдан катынап тұру да қиын болып кетті.

— Оны айтқансын... — деді шешесі ақырын ғана қүрсініп.

— Шаршап жүрмін, апа.

— Қайдан білейін... Ежелден-ак “қыздың жолы – жіңішке” деген. Абай бол, қызым. Өзіңе өзің осы бастаң ықтият болмасаң, кейін бармағынды тістеп, өкініп қаласың...

Жанат босағада кідіріп, қолындағы ет салған ауыр сомкесінен коз алмай, томен қарап үнсіз тұрды да:

— Мені бір ерігіп жүр ғой дейісіз бе, апа, — деді.

— Жарығым, сол, — деді шешесі еміреніп. — Сенен басқа дәтке қуат қылатын кіміміз бар біздің... Күндіз-